

«Бекітемін»

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы

Өскемен қаласы Баспалық білім бөлімінің

«№20 «Нұршұбыр» балалар шағалалық орталығы»

КМҚК директорының орынбасары Ж. Е. Смагулова

«__»



2024 ж

Тәрбиелеу – білім беру процесінің Преспективалық жоспар

«Құлыншақ» кіші тобы (2 жас)

Тәрбиеші: Болатханова.Қ
Ерікбек.Б

Өскемен 2024 -2025 ж

Қыркүйек айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы | <p>Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> | <p>Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар арқылы дене қасиеттерін: ептілікке, тепе-теңдікке, қозғалыс жылдамдығын дамыту «Еңбегі адал жас өрен» Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.</p> |
| | <p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> | <p>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.</p> |
| | <p>Көркем әдебиет</p> | <p>«Балалар кітапханасы» жобасы - Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балаларды педагогтің көмегімен өленді толық қайталауға ынталандыру.</p> |
| | <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика</p> | <p>Қаржылық сауаттылық - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;</p> |
| | <p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу</p> | <p>«Өнерліміз, өркенбіз» - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу.</p> |
| | <p>Мүсіндеу</p> | <p>«Шеберқолдар, сыр шертеді» балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру</p> |
| | <p>Жапсыру</p> | <p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доғтарды, шарларды,</p> |

| | |
|--|---|
| | <p>гүлдерді, орналастыру.</p> <p>Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> |
| Құрастыру | <p>«Қамқор» жобасы - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.</p> <p>Заттар туралы түсініктерді, құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;</p> |
| Музыка | <p>Күй күмбірі.</p> <p>Музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;</p> |
| Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру | <p>«Меніңқұқықтарым, менің міндеттерім» - "Дұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p> <p>«Еңбегіадалжасөрен» жобасы- Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> |

Қазан айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|--|
| <p>Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> | <p>«Ұлттықойын - ұлтқазынасы» - балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру. жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; «Еңбегі адал жас өрен» салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.</p> |
| <p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> | <p>«Өнегелі 15 минут» Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p> |
| <p>Көркемәдебиет</p> | <p>«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> |
| <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика</p> | <p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p> |
| <p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу</p> | <p>«Бояулар сыры» Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p> |
| <p>Мүсіндеу</p> | <p>«Өнерліміз, өркенбіз» - қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p> |
| <p>Жапсыру</p> | <p>«Шеберқолдар, сыр шертеді» - Балаларды бейнелерді фланелеграфта қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> |

| | |
|---|--|
| Құрастыру | <p>«Smart bala» жобасы - Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p> |
| Музыка | <p>Күй күмбірі - Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> |
| <p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p> | <p>«Еңбегі адал жасөрен» - Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p>әр түрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;</p> |

Қараша айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| <p>Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> | <p>Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - ұлттық ойындар ойнату арқылы балаға ұлттық ойындарды дәріптеу.</p> |
| <p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> | <p>«Балалар кітапханасы» жобасы - Кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнауды; артикуляциялық жаттығуларды орындауды; жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды; суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету</p> |
| <p>Көркемәдебиет</p> | <p>«Жас тыңдарман» жобасы - Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бүлкім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айттып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнату.</p> |
| <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика</p> | <p>Қаржылық сауаттылық - Өлшемдер із әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> |
| <p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу</p> | <p>«Өнерліміз, өркенбіз» - Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұрмау, қаламды тастау, жұмысты ұқыпты жасау. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p> |
| <p>Мүсіндеу</p> | <p>«Шеберқолдар, сыр шертеді» - Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:</p> |
| <p>Жапсыру</p> | <p>«Шеберқолдар» - кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Жапсыру техникасын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін ескерту.</p> |
| <p>Құрастыру</p> | <p>«Қамқор» жобасы - Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> |
| <p>Музыка</p> | <p>Күй күмбірі – қазақ өнерін бала бойына сіңіру. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді</p> |

| | |
|---|--|
| | <p>иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> |
| <p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p> | <p>Экологиялық мәдениет - Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p> |

Желтоқсан айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| <p>Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> | <p>Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білу. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау. «Еңбегі адал жас өрен» - Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді және бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді үйрету. Екі жіп арасынан түзу жүру, тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» - балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру.</p> |
| <p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> | <p>Өнегелі -15 мин - Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> |
| <p>Көркемәдебиет</p> | <p>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы - Балалар қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныса отырып, өлең жолдарындағы қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру.</p> |
| <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика</p> | <p>«Банкомат» - әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуді түсіндіру. Беттестіру /бетіне қою/ әдісі арқылы ұзындықты салыстыру.</p> |
| <p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу</p> | <p>«Бояулар сыры» - Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салуға, трафарет көмегімен қағаз бетіне затты ұқыпты түсіруді түсіндіру.</p> |
| <p>Мүсіндеу</p> | <p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, ермексазды илеу, домалақтау, созу тәсілдерін үйрету.</p> |
| <p>Жапсыру</p> | <p>«Шеберқолдар, сыр шертеді» - кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Жапсыру техникасын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін ескерту.</p> |
| <p>Құрастыру</p> | <p>«Smart bala» жобасы - Балаларға қиылған қағаз бөліктерден құрастыруды үйрету. Төменнен жоғары қарай құрастыра отырып, жуан-жіңішке ұғымдарын үйрену</p> |
| <p>Музыка</p> | <p>Күй күмбірі - Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> |
| <p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p> | <p>Экологиялық мәдениет - Қардың бақылайды, оның ақ және үлпілдек екенін көреді, қардың қасиетімен таныстыру, Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> |

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

Қаңтар айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|------------------------------|--|---|
| Қаңтар – заң және тәртіп айы | Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі | Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білу. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау. Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен тұзу жүруді және бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен тұзу жүруді үйрету. Екі жіп арасынан тұзу жүру, тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» - Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. |
| | Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту | «Ұшқыр ой алаңы» - Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Балаларға құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқорлық жасауды түсіндіру. Қойылған сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру. Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуді дамыту. Электроника туралы түсініктерін кеңейту. |
| | Көркемәдебиет | Әжемнің ертегісі - Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру |
| | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика | Қаржылық сауаттылық - Шыршаларды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды үйрету. Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуге үйрету. |
| | Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу | Бояулар сыры - Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру. Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету. Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіндіре отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре білу. Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту. |
| | Мүсіндеу | «Шеберқолдар, сыр шертеді» - Балаларды мүсіндеудің әдісін үйрете отырып, шырша жасауға үйрету. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. |
| | Жапсыру | «Өнерліміз, өркенбіз» - Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу Балаларға балапанның түсін, дене құрлысын түсіндіру. |
| | Құрастыру | «Қамқорлық» жобасы - Дьенеш блоктары арқылы конструкторлардан күшік бейнесін құрастыру Балаларға қиылған қағаз бөліктерінен шыршалар құрастыруды үйрету. |

| | |
|--|--|
| | Төменнен жоғары қарай құрастыра отырып, жуан-жіңішке ұғымдарын үйрету. |
| Музыка | Күй күмбірі – балаларды қазақ өнеріне баулу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. |
| Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру | Экологиялық мәдениет- Қысқы табиғат көрінісін бақылау. Табиғат құбылыстарын түсіне білуге үйрету. Үй жануарлары мен оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету. |

Ақпан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|--|--|
| | Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі | <p>Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы» - балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру.</p> |
| | Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту | <p>«Өнегелі 15 минут» - Сұрақтар қоя білу, ойыншықтар, суретте бейнеленген дер туралы айтып беру. Айналасындағылардың сөздерін, тұрмыстық немесе ертегілер тақырыптарындағы әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдауды. Сөз тіркестерін айту, таныс шығармалардан үзінді ойнай білуді; кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту.</p> |
| | Көркем әдебиет | <p>«Балалар кітапханасы» жобасы - Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды атауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».</p> <p>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p> <p>Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнау.</p> |
| | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика | <p>Қаржылық сауаттылық – Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуралардың негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдір</p> |
| | Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу | <p>«Өнерліміз, өркенбіз» - Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұмаждау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p> |
| | Мүсіндеу | <p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:</p> |
| | Жапсыру | <p>«Шебер қолдар, сыр шертеді» - кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Жапсыру техникасын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін ескерту.</p> |

| | |
|--|---|
| Құрастыру | «Smart bala» жобасы - Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру. |
| Музыка | Күй күмбірі – қазақ күй өнерін дәріптеу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. |
| Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру | Экологиялық мәдениет қалыптастыру - Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. |

Наурыз айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--|--|
| <p>Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> | <p>Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүруді, кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру, Арқанның (биіктігі 50 сантиметр), доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту, 2 метр қашықтыққа дейін бөренеден аттап өту, құрсаудан еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1 метр).</p> <p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.</p> <p>Қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p> <p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» - балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру.</p> |
| <p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> | <p>Ұлттық құндылық - Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> |
| <p>Көркем-әдебиет</p> | <p>Әжемнің ертегісі – Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне ертегілер арқылы баулу, балаларды бесік пен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырына ийтіп отырып ойнау арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында туды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> |
| <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</p> <p>Сенсорика</p> | <p>Қаржылық сауаттылық - Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> |
| <p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</p> <p>Сурет салу</p> | <p>«Бояулар сыры» - Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p> |
| <p>Мүсіндеу</p> | <p>«Өнерліміз, өркенбіз» - Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:</p> |
| <p>Жапсыру</p> | <p>«Шеберқолдар, сыр шертеді» - қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, пішінді, түсті, заттардың орналасуын беруге</p> |

| | |
|--|--|
| | үйрету; қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету |
| Құрастыру | «Қамқор» жобасы - Өртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып текшелерді үйлестіріп құрастыру. |
| Музыка | <p>Күй күмбірі – домбыра өнеріне баулу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу</p> |
| Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру | <p>Экологиялық мәдениет - Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. Серуенде, сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін түсіну. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.</p> |

Сәуір айы

| Ұлшы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|------|---|--|
| | <p>Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> | <p>Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, шашырап жүгіру. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы» - ойын барысында қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету</p> |
| | <p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> | <p>«Өнегелі 15 минут» - Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрлым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойына ийтуге үйрету.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды атауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнына ийтіп беру.</p> |
| | <p>Көркем әдебиет</p> | <p>«Жастыңдарман» - Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша оқылған сұрақтарға жауап беруді дамыту</p> |
| | <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорика</p> | <p>Қаржылық сауаттылық – Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуралардың негізгі түсі, неғұрлым мұқас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> |
| | <p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу</p> | <p>«Өнерліміз, өркенбіз» - Қағазға бастырмамен жұмыс істеу арқылы, заттарды безендіруге үйренеді. Балалар ғарыш әлемі, табиғаттағы шөп, гүл, ағаш туралы түсіне отырып, геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіре білу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p> |
| | <p>Мүсіндеу</p> | <p>«Шеберқолдар, сыр шертеді» - Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, заттың мүсінін жасау.</p> |
| | <p>Жапсыру</p> | <p>«Шеберқолдар, сыр шертеді» - Пішіні мен бөліктерін дұрыс орналастыра отырып, жапсыра білу.</p> |

| | |
|--|--|
| | <p>Көктем мезгілінде құстарға жемсауыт пен ұяны жапсыру әдістерін түсіне отырып, үлгі бойынша жапсыру. Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының дағдыларын игеру.</p> |
| Құрастыру | <p>«Smart bala» жобасы - Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау, қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгере отырып, ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табу. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> |
| Музыка | <p>Күй күмбірі - Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> |
| Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру | <p>Экологиялық мәдениет - Гүлдердің түр – түстерін ажырата білу. Өсімдіктерді күту ережелерін білуге дағдыландыру. Балалар жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерін айыра білу. (көбелек, қоңыз). Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай отырып, табиғат туралы түсінік қалыптастыру.</p> |

Мамыр айы

| айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|
| | Дене тәрбиесі | <p>Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүру, белгі бойынша тоқтап жүру, жүруде тепе-теңдікті сақтау заттардың бойымен, астымен еңбектеу, ересектермен бірге дене жаттығуларын орындау, спорттық жаттығуларды орындау техникасын және бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауын бекіту.</p> <p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ұлттық ойындарға қызығушылығын ояту.</p> <p>Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>«Балалар кітапханасы» жобасы - Табиғаттағы маусымдық өзгерістерін түсіне отырып, туған жердің табиғатына деген қызығушылықтары дамыту. Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылау. Табиғаттың досы болуға оны қорғай білуді түсіндіру. Өлең жолдарын мағынасын қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы түсіну дағдысын бекіту.</p> |
| | Көркем әдебиет | <p>«Балалар кітапханасы» жобасы - Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын саусақ театры арқылы көрсетуді үйрене отырып, кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.</p> |
| | Сенсорика | <p>«Әмиян» - Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау, қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын, ересектердің нұсқауымен түсі, өлшем бойынша заттарды табуды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыру. Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін, көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды, заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді, заттардың санын ажырату дағдыларын меңгерту.</p> |
| | Сурет салу | <p>Бояулар сыры - Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы, трафарет т.б әдістермен сурет салу дағдысын дамыту. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.</p> |
| | Мүсіндеу | <p>«Өнерліміз, өркенбіз» - Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын бекіту.</p> |

| | |
|-----------------------------------|--|
| Жапсыру | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.Жапсыру техникасын түсіндіру.Қауіпсіздік ережелерін ескерту. |
| Құрастыру | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы - Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарыменбіргеқұрастыруға баулу, оларменойнау, қарапайымқұрастырудағдыларынбекіту: үстіне, жанынақою.Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру. Әртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, текшелерді үйлестіре отырып, құрастыруды бекіту. |
| Музыка | Күй күмбірі - Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. |
| Қоршаған әлеммен таныстыру | «Еңбегі адал жас өрен» - еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәнделес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді түсіну,сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдануды бекіту. |